

ҚҰТБТЫҢ «ХҰСРАУ МЕН ШЫРЫН» ДАСТАНЫ ЖӘНЕ НӘЗИРАГӨЙЛІК ДӘСТҮРІ**Ерманова С.Б.**

Шығыс классикалық әдебиетінің ғажайып үлгілері XIII–XV ғасырларда ұлан-ғайыр қыпшақ даласына кеңінен тараған еді. Фирдоуси, Низами, Сағди сияқты есімдері әлемге мәшһүр Шығыс ақындарының шығармаларын Алтын Орда, Орта Азия түркілерінің сол кездегі әдеби тіліне көптеп аудара бастады.

Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» дастанының жалпы көлемі-120 парақ, яғни 240 бет. Дастан 4740 бәйттен тұрады. (Низамиде 7000 бәйт). Дастанда Құтб ақынның өзі жазған жыр жолдары да бар. Қалғандары шығарманы көшірушілер тарапынан қосылған өлеңдер болып келеді. Құтб дастаны 91 тараудан тұрады.

Құтб ақынның дастаны қазақ оқырманы арасында ерте кезден-ақ тарағаны жақсы мәлім. Әзербайжан халқының кеменгер ақыны Низамидың «Хұсрау мен Шырын» поэмасын Құтб ақын қыпшақ-оғыз тіліне 1341–1342 жылдары аударған болса керек. Бұл-Тыныбектің Алтын Орда тағына отырған кезі. Аудармашы дастанды Тыныбек пен Ханша Малика-Хатунға арнайды. Бұл дастанның жалғыз ғана көшірмесі бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен. Қолжазба қазір Париждің Ұлттық кітапханасында сақталып келеді. Бұл қолжазбаны түпнұсқадан көшіріп, қағазға түсірген қыпшақ ақыны Берке Фақих еді. Ол Алтын Ордада

туып өскен, өз елінде ақын ретінде танымал болған. Кейінірек мәмүліктік Египетке барып, сонда қайтыс болған. «Хұсрау мен Шырын» дастанын алғаш зерттеушілердің бірі поляк ғалымы А. Зайончковский болды. Бұл туындыны ол түрік тілінің қыпшақ диалектінде жазылған аса құнды әдеби мұра деп бағалады. Мұны ол Низами поэмасының тікелей аудармасы емес, қайта өңдеп жазылған туынды шығарма деп таныды. Ал Е.Э. Бертельс болса, оны Низами поэмасының толық, көркем аудармасы деген болатын. Көрнекті кеңес түркологы Ә.Н. Нәжіп парсы тіліндегі «Хұсрау Шырын» А.Н. Самойловичтің зерттеулеріне жүгінер болсақ, «Хұсрау мен Шырын» дастаны Алтын Орда жерінде жазылған болып шығады. Ал Ә.Н. Нәжіптің дәлелдеуі бойынша Құтбтың бұл дастаны Алтын Ордада жазылып, кейінірек Египетте қайта көшірілген. Бізге дастанның осы көшірмесі жеткен. А. Зайончковскийдің пікірі бойынша, бұл әдеби жәдігерлік мәмүліктік Египетте жазылған, ал оның авторы Құтб Хорезмнен шыққан шайыр. Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» дастаны қыпшақ-оғыз аралас тілінде жазылған. Хұсрау үлгілі бейне. Шырын сол патшаның басына барып өледі. «Фархат мен Шырын» сюжетін ең алғаш өзінің «Шаһнамасында» Фердауси, одан соң Низами, Хұсрау Деһлеби жырлайды. 1348 жылы Сарай Беркедегі қыпшақ ақыны Құтб жырлайды. **Осылай бір ақынның жазғанын екінші ақынның қайталап өзінше баяндауы шығыста көп тараған. Бұл «Нәзира» дәстүрі деп атайды. Фердаусиде:** Жырдың бас қаһарманы Шырын Наушаруанның немересі Хұсрауға ғашық болған құл қызы. Хұсрау-пайғамбарға бағынбаймын деп, оның елшілік хатын жыртып тастаған соңғы Иран патшасы. Түпнұсқасы мен қыпшақ-оғыз тіліндегі «Хұсрау Шырын» нұсқасының өзек арқауы бір екенін ерекше атап көрсеткен жөн. Ғалымдар Құтб жасаған аударма нұсқасын жартылай төл туынды, дербес роман деп бағалайды. Ақын Құтб аудармашы ретінде Низами жасаған жеке көріністерді егжей – тегжейлі қайталап жатпайды. Ақын Низами дәуірі үшін маңызды болған кейбір оқиғаларды аудармай тастап кетіп, оның орнына XIV ғасырдағы қоғамдық – саяси мәселелерді қосып жырлайды. Соның өзінде, Құтб бұрын Низами көтерген идеялары өзі өмір сүріп тұрған дәуірі үшін де мән – мағынасын жоймағанын жақсы білген. Сондықтан аудармашы түпнұсқаның идеясы

мен сюжетін сақтап қалуға әрекет жасап отырған.

Низами дастанда қала өмірін, патша сарайы мен бау – бақшаларды көбірек көрсетеді. Ал, **Құтб** болса, негізінен мал шаруашылығымен, аңшылықпен тіршілік ететін Алтын Орданың дала қыпшақтары мен оғыздарының өмірін суреттейді. Құтб жырлаған қаһармандар – қашанда қылыш пен қалқан асынып, ұдайы атқа мініп жүретін, шетінен аттың бабын білетін шабандоз жандар. Сондай-ақ Низами суреттейтін той – думанда зәулім сарай ішіндегі кілемдер, қымбат жиһаздар, шарап ішіп, бас шұлғып отырған бекзадалар, қылымсыған қыз – келіншектер өз көріністерін тапқан. Ал, Құтб дастанында шарап емес, қымыз ішеді, той сарайда емес, көкмайсалы ен далада болады. Жиналған жұрт қобыз сарынын тыңдап, бас шұлғиды. Низами дастаны Хұсраудың таққа тұру салтанатын оның дүние – мүлкін, ата тегін мақтаудан бастаса, Құтб дастаны Хұсраудың әділетті, оқыған, адамгершілігі мол жан екенін аңғартудан басталады.

Низами халық арасынан шыққан қыздың бейнесін, Иран патшаларының опасыздығын әшкерлейді. Әкесінің тағынан айырылған Хұсрау Парвиз Дербент қызы Шырынға ғашық болады. Оны қыз да ұнатып, Шабдиз деген атпен іздеп шығады. Бірақ Парвиз Бабыл патшасының қызы Мәриямға үйленіп, Шырынды ұмытады. Фархат атты ұстаның ғашық болуына қарамастан, қыз Парвизден үміт үзбейді. Мәриям өліп, Шырын өзінің сүйгеніне қосылады. Бірақ Мәриямнан қалған Шебруя деген баласы Парвизды өлтіріп, Шырынды зорлықпен алмақ болғанда, қыз сүйіктісінің моласына барып, өзіне пышақ салып өледі. Шырынға әкесі де баласы да опасыздық істейді. Құтбта кейбір адамдардың есімдері өзгертілген. Ал сюжеті, идеялық мазмұны, композициялық құрылымы Низамимен бірдей өрнектелген.

Науаи сюжетінде Хұсрау ұнамсыз образ. Сол үшін ол өзінің дастанын «Хұсрау Шырын» емес, «Фархат - Шырын» деп атаған. Фархат ұстаны бас қаһарман етеді. Бұрынғы сюжеттерде хандарға әжуа болған Шырын жауыз патшаның қолынан өлтірілген Фархат батыр бейтінің басына барып өледі.

Низами патшалар образын бас тақырып етсе, Науаи бұхара халықтың шыққан адамдар бейнесін басты орынға қояды. Ал, **Сағдиде:** «Наушаруан баласына: «Әлсізбен кедейге жақтас бол, өз басыңды ғана ойлама, елің аман

болса, өзің де аман» дейді. Ал Парвиз Хұсрау баласы Шеруяға: «Ісім оң болсын десен әділ бол, болмаса егінің шықпайды. Елді езу – өз тамырын өз кесумен бірдей. Баласынан айырылғандардың көз жасы соғыстан жаман, жесір қатынның көз жасы патшалар тағын өртеген, әділдіктің шырағы сөнбейді, ал әділдік пен жауыздықтың күні бірдей өтеді. Салық салушы тойымсыз болса, басын ал, ол елдің де, сенің де жауың. Елді жылатқанның ағашы гүлдемейді, елге қиянат жасағандардың терісін тірідей сыпырып алып отыр» деген. Бірақ Шеруяның өз әкесін өзі өлтіріп, жауыз патша болғанын ақын ескермеген. Хұсрау Парвиздің Шапур атты суретшісі қартайған шағын далада қалады. Шапур Парвизге: «Жасымда қызметінді істедім, қартайғанда неге далаға тастайсың?» – деп ақыл салған екен дейді ақын. Сол Шапур кедей болса да пашаға терең ой салған.

Хұсрау мен Шырын арасындағы мөлдір махаббат туралы аңыз-афсаналар Таяу және Орта Шығыс, Дешті Қыпшақ, Закавказья мен Орта Азия, Индия халықтары арасында көне замандардан бері-ақ кең тараған. Негізінен дастанда мақал – мәтелдер ұтымды пайдаланылған. Дастанда аз мәтелдер шығарма тілін байытып қана қоймайды, сонымен қатар олардың тәрбиелік мәні де зор болып келеді.

«Абайла, болмасын еш досың дұшпан, Егер болса, сен одан жақсы сақтан».

Дастандағы бұл:

1. Мақалға қазақ тілінде де мағыналас, мәндес мақалдар да кездеседі. «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» деген мақалдың ішкі астары осы мақалмен сарындас болып келеді. Қазіргі досың – ертеңгі жауың болуы әбден мүмкін.

2. Топыраққа желді байласа тұрмас, Су менен от бірге отырмас.

Дастандағы бұл мақал өте ұтымды пайдаланылған. Қазақ халқында осы мақалға мәндес, мағынасы жуық “Тең – теңімен, тезек қабымен” деген мақал кездеседі.

3. «Дүниенің соңы – білсең, өлім – ол,

Өлім емес, әй ақыл, бұл – ілім ол» дей келе өмірде тек білім игерген адам ғана ойлағанын мақсат-мүдесіне жетіп, біліммен болашағын болжап, орынды шешім қабылдай алған адам ғана саналы өмір сүре алады демек.

4. **«Шырақ алсаң, жарық жанғанынан ал»** деп жақсыдан үлгі алуға, сол адамның салған сара жолымен жүруге шақырады. Қазақ тілінде осы мақалға мәндес фразеологиялық тіркестер де кездеседі: бағы жанды, бағы бар, т.б. қолдануға болады. Ал, Хұсрау мен Шырын арасындағы мөлдір махаббаттың шынайылығын, қараңғы түнгі жанған шырақ, жарқыраған алтындай, ақылы мен аты сай Шырын бейнесі әр адамды толғандырмай қоймайды. Осы жайларды баяндай келіп, бұл жырға бар өнерін салған **Низами**: «Жүрегі сөнген өлік болмаса, бұл дастанды оқыған кісінің тебіренбеске лажы қалмас» деп жазады.

Олай болса оқығанымыздан, көңілімізге тоқығанымыз саралайтын болсақ, бабаларымыздың оңды – солды, көл – көсір ғұламалық теңізіндей білімінен нәр ала отырып, соның алтын тәжіндей дастандарының шұғыла шашқан құдіретіне бөлене берейік. Сұлулық пен ақылдылықты тізгіндеп алған ой-парасаттылық мәңгі өшпесін. Ол өшпеген жерде адамзаттық қасиеттің де биік тұрары хақ. Сол биіктікті мәңгі сақтар шығармаларымыз жасай берсін!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі: оқулық. – Алма-Ата, 1986. – 212-219 б.

2 Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия / Құрастырған А. Қыраубаева. – Алматы, 1991. – 212-224 б.

3 А. Қыраубаева. Ғасырлар мұрасы. – Алма-Ата: «Мектеп», 1988. – 78-85 б.

4 Ә. Қоңыратбаев. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы, 1991. – 164-172 б.

5 Ө. Күмісбаев. Терең тамырлар. – Алматы, 1994. – 288-294 б.

6 Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. – А.: «Ғылым», 2000.

7 Шығыс жұлдыздары. – Алма-Ата, 1973. – 80-88 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности произведения Кутба «Хусрау мен Шырын» в контексте взаимосвязи с произведениями восточных мыслителей.

Conclusion

In this article considers the features works of Qutb's "Khusraw-Shyryn" in the context of the relationship works with the Eastern thinkers.

лігімен және коммуникацияларымен Қазақстанға өтсін деген мақсатпен ұсынылды.

Ақыры екі жақтың дәлелдемесін қарастырып, әр деңгейдегі қолайлы шешімдер жасап, мемлекеттер үкіметінің делегациялары аумағы 520 гектар жер учаскелерін айырбастауға келісті. Нәтижесінде Курск–Варваринка аумағында Қазақстан–Ресей мемлекеттік шекара сызығы Тоғызак өзенінің саласымен өтетін автожол және коммуникациялар Қазақстан жерінде қалады, ал Огнеупорный кентіндегі бейіттер мен бақшалар Ресей аумағында орналасады, дегенмен отқа төзімді балшықтар карьері Қазақстан аумағында қалды [3].

Қазақстан мен Ресей басшыларының 2004 жылдың қазан айында Астана қаласындағы кездесуі барысында қазақстан-ресей мемлекеттік шекараларын делимитациялау процесі және мемлекеттік шекара туралы келісімнің қол қоюын шегеріп тұрған мәселелерді шешу жолдары сөз етілді. Қазақстан мен Ресей Үкіметінің басшылары кездесуінде қол жеткізілген келісімдер делегацияларға картаға шекара сызықтарын түсіруді бастауға және шекара сызықтарының өтуін баяндайтын жобаның дайындығын аяқтауына мүмкіндік берді. Осы жұмыс үкіметтік делегациялардың 2005 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ресей Федерациясындағы іссапарында Мәскеуде өткен 26 пленарлық отырысында аяқталды.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы келісімнің жобасын дайындауы делегациялармен қатар жүзеге асты, сондай-ақ қазақ және орыс тіліндегі мемлекеттік шекараның сызықтары өту жайында баяндама мәтінінің 200 бетін салыстыру және түзету жөнінде жұмыс жүргізілді.

Келісімнің ажырамайтын бөлігі болып екі жақ басып шығарған 1:10000 масштабты мемлекеттік шекаралар картасының арнайы альбомына кіргізілген топографиялық карталар (206 парақ) болып табылатыны айтылды.

Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасының демаркациясы да жоспарланып, яғни оларды өз жерлерінде шекаралық белгілермен белгілеу айтылды. Осы мақсатпен Келісімнің 5 тармағында өз жерлерінде мемлекеттік шекараны бекіту және белгілеу үшін екі жақ тең негізде бірлескен қазақстан-ресейлік демаркациялық комиссия құрады деген ереже жазылған. Осы құжаттың 6–7 тармағында өте ма-

ңызды ережелер қарастырылған. Пайдалы қазба кен орындарын дамытуға байланысты мәселелер, инженерлік құрылыстар, коммуникация және тағы да басқа инфрақұрылымдарды мемлекеттік шекарамен қилысатын немесе шекарамен өтетін объектілерді пайдалану туралы, биологиялық ресурстарды сақтау және пайдалану, суды пайдалану және табиғи ортаны қорғау мәселелері жеке келісімдермен реттеледі, сондай-ақ жеке келісімдермен екі жақтың арасында мемлекеттік шекара тәртібі анықталады деп ерекше белгіленген [4].

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы келісімге екі ел басшыларының қол қоюы 2005 жылдың 18 қаңтарда Мәскеуде Кремльде болды. Баспасөзге қазақстан-ресей келіссөздерінің нәтижесін жариялағанда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев былай деп мәлімдеді: «Біз бүгін аса үлкен тарихи оқиғаның куәсі болып отырмыз. Өйткені қадым замандардан қазақ-орыс елдері арасында шекара бірінші рет заңды түрде тартылып отыр. Келісім әлемдегі ең ұзын құрлықтағы шекара сызығын анықтайды. Оның жалпы ұзындығы 7591 шақырымды құрайды. Бұл шекара біздің халықты және елді бөлмейді, керісінше біріктіреді. Бұл достық пен тату көршіліктің шекарасы. Біз Қазақстанда делимитация туралы келісімді біздің мемлекеттеріміздің арасындағы келісім және біздің халықтарымыздың арасындағы берік достықтың белгісі деп бағалаймыз. Сіздер білетіндей бұл жұмыс екі ел Президентінің 1998 жылдың 6 маусымдағы бірлескен мәлімдемесінен және 1998 жылдың 12 желтоқсандағы мемлекеттік шекараны делимитациялау туралы хаттамасынан басталды. Бұл өте күделі еңбектің осынша қысқа мерзімде біткені. Мен, ең алдымен Ресей Президентіне, барлық мамандар мен сарапшыларға, екі елдің сыртқы саяси ведомстволарына осы мақсатқа бізді күн санап жақындатқаны үшін алғыс білдіргім келеді. Бізде – Қазақстан мен Ресейде-ортақ тарих. Біз қуаныш пен қайғыны бірге бастан кештік, соңғы нанды біре бөліп жедік. XX ғасырдың ең сұрапыл соғысын да бірге жеңіп шықтық. Біз баяғыша бір-бірімізбен рухани жағынан жақынбыз. Біздің бауырлас халықтардың өмірін тұрақты және өркенді қылуға ұмтылысымыз бір. Сондықтан біздің арамызда барлық маңызды мәселелерге деген толық түсіністік, біздің ортақ болашағымызға деген

сеніміміз бір. Мен осыны Қазақстанның да, Ресейдің де тұрақтылығы мен өркендеуінің кепілі деп білемін. Шекараны белгілеу шарасы Ресей үшін де тарихи оқиға деп ойлаймын, өйткені бұған дейін империялық Ресей деген идеология енді түп-тамырымен жойылып, халықтар арасындағы сенімді бекіте алады».

Қол қою рәсімінен кейін сөз алған В.Путин былай деді: «Жаңа ғана біз мемлекеттік шекара туралы шартқа қол қойдық. Екі жақты қарым-қатынастың келешегі үшін бұл аса үлкен табыс. Аталған тарихи шешім елдеріміз арасында тең құқықты және өзара тиімді байланыстарды өрістетуге және бауырлас халықтардың игілігі мен келешегі үшін қызмет етпек. Бұл – Ресейдің Қазақстан егемендігіне құрметпен қарауының айғағы. Шынайы достықтың үлгісін көрсететін бұл шартқа ұзақ жылғы, қажырлы еңбектің арқасында қол жеткізілді. Шекараны белгілеуде, әрине, даулы тұстары да кездесіп отырды. Соның бірі ретінде Имаш газконденсаттық кеніші аумағын айтуға болады. Біз өзара түсініктің арқасында аумақты және кенішті тең бөлу туралы уағдаластық», – деді [5].

Есте қаларлығы, келісімнің заң жобаларын бекітуін қарастыру екі мемлекеттің заң шығарушы органдарында 2005 жылдың 2 желтоқсанда Қазақстанда да Ресейде де қатар өтіп, келісімді бекіту туралы заңдар синхронды қабылданды. Ресей Федерациясының Президенті В. Путиннің Қазақстан Республикасы сапары барысында, 2006 жылдың 12 қаңтарында бекіту грамоталарын айырбастау рәсімі

болды. Осы күні аталған тарихи құжат өз күшіне енді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы Келісімнің күшіне енгенін Қазақстан Республикасының халықаралық құқықтық шекараларын ресімдеуін дәуірлік оқиға деп атауға болады, өйткені осы оқиға мемлекеттік аумақтың, мемлекет өмір сүруінің негізгі жағдайының қалыптасқанын анық айтуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 2005.
- 2 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Заңы. – Алматы, 1993.
- 3 Токаев К.К. Правда о государственной границе Республики Казахстан. – Алматы, 2006.
- 4 Хасенов Е. Шекара мәселесі оңтайлы шешілді // Қостанай таңы. 26 қаңтар. 2005.
- 5 Тұрапбайұлы А. Шекарамыз шегінделді // Егемен Қазақстан. 18 қараша. 2005.

Резюме

В этой статье рассматривается обозначение пограничной черты, формирование и изменение государственной границы между Республикой Казахстан и Российской Федерацией, а также законное оформление границ между двумя странами.

Conclusion

The marking of the border line, the formation and change of the state border between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation are considered in the article. Also legitimate decoration of borders between the two countries is considered.